

## Алдын ала шешімді қабылдау тәртібі мен нысаны бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 15 мамырдағы N 210 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2295. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 48, 49-баптарына сәйкес  
**БҰЙЫРАМЫН:** Қараңыз. К 100296

1. Қоса беріліп отырған Алдын ала шешімді қабылдау тәртібі мен нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Баспасөз қызметі осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетіне жүктелсін.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007.12.27. N 486 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға  
Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігі  
төрағасының  
2003 жылғы 15 мамырдағы  
N 210 бұйрығымен  
бекітілген

**Алдын ала шешімді қабылдау тәртібі және нысаны**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 47, 48-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар бойынша: Қараңыз. К 1 0 0 2 9 6

1) Сыртқы экономикалық қызметтің Тауар Номенклатурасына (бұдан әрі - СЭҚ ТН) сәйкес жіктелуіне;

2) алынып тасталды - 2007.12.27. N 486 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықпен.

3) тауарлардың шыққан елін анықтауға қатысты алдын ала шешім қабылдаудың тәртібін айқындау мақсатында әзірленді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007.12.27. N 486 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Кеден бекеттері мен Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы бақылау өткізу пункттерін қоспағанда уәкілетті орган және аумақтық кеден органдары (бұдан әрі - кеден органдары) алдын ала шешім қабылдайды.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007.12.27. N 486 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

## 2. Алдын ала шешім қабылдау тәртібі

3. Алдын ала шешімді мүдделі тұлғаның (декларанттың) белгіленген нысандағы жазбаша өтініші бойынша (1-қосымша) кеден органдары қабылдайды.

4. СЭҚ ТН-ға сәйкес жіктемеге қатысты алдын ала шешім қабылдау кезінде өтініште тауар туралы алдын-ала шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтер қамтылуы тиіс. Өтініш берумен бір мезгілде тауардың СЭҚ ТН-ға сәйкес жіктемесіне қатысты алдын ала шешім қабылдау үшін қажетті тауардың сынамалары (үлгілері), оның сипаттамасы, фото суреттері, сызбалары, коммерциялық, техникалық не өзге де құжаттар ұсынылады. Мүмкіндігінше алдын ала шешім қабылданатын тауардың сынамалары немесе үлгілері де ұсынылады.

5. Осы Ереже белгілі бір мерзім ішінде бірдей дайындаушы бірдей ұйымда өндірудің бірдей технологиясын пайдалана отырып шығарылған тауарлардың шыққан елі туралы алдын ала шешім қабылдаудың тәртібін айқындайды.

Кеден органы алдын ала шешімді тауарлардың шыққан елін анықтау тәртібіне қатысты халықаралық актілермен немесе Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген өлшемдерге сәйкес нақты бір елде толық

шығарылғандығы немесе жеткілікті түрде қайта өңделгендігі туралы ақпараттың негізінде қабылдайды.

5-1. **Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007.12.27. N 486 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

6. Өтінішті кеден органы қарайды және егер, өзге де ақпараттар не сараптама жүргізу талап етілмесе өтініш тіркелген күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде алдын-ала шешім береді.

7. Егер, өтініш беруші ұсынған мәліметтер алдын-ала шешім қабылдау үшін жеткіліксіз болса кеден органы белгіленген мерзімде қосымша мәліметтерді ұсыну қажеттігі туралы тұлғаны хабардар етеді. Егер, деректер белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда алдын-ала шешім қабылдау туралы өтініш қабылданбайды. Дәлелдеме ұсынудың жалпы мерзімі өтініш берушіні жазбаша хабардар еткен сәттен бастап 30 күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

8. Алдын ала-шешім қабылдау туралы өтініш қабылданбаған жағдайда кеден органы қажетті құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған күннен бастап жеті жұмыс күнінің ішінде өтініш берушіге жазбаша дәлелді бастартуды жіберуге міндетті.

Өтінішті қабылдамау, өтініш берушінің өтінішті қабылдамау үшін негіз болған себептерді жоюы шартымен қайтадан алдын-ала шешім қабылдау туралы жүгінуіне кедергі болмайды.

9. Тауардың жіктемесіне, шығу елін айқындауға қатысты алдын ала шешім нақты тауарға қатысты беріледі.

Алдын ала шешім белгіленген нысандағы бланкте ресімделеді (2-қосымша) және оған кеден органының басшысы не осы бағытты басқаратын оның орынбасары қол қояды.

Алдын ала шешім бланктері қатаң есептілік бланктері болып табылады, олардың баспаханалық әдіспен жасалған реттік нөмірлері бар.

Алдын ала шешімнің бірінші данасы кеден органының таңбалық мөрімен расталады және ілеспе хатпен бірге өтініш берушінің мекен-жайына жіберіледі, немесе жүк кеден декларациясымен бірге одан әрі ұсыну үшін өтініш берушінің қолына беріледі, екінші дана (ілеспе хаттың екінші данасымен бірге) оны берген кеден органында сақталады. Кеден органы қабылдаған алдын ала шешімнің көшірмесі уәкілетті органға жіберіледі.

Егер мұндай шешім декларант берген толық емес немесе сенімсіз ақпараттың негізінде қабылданса, алдын ала шешімнің күшін жою жүргізіледі. Күшін жою жаңа алдын ала шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Кеден органдарының алдын ала шешімі ол қабылданған сәттен бастап үш жыл бойы күшінде болады. Алдын ала шешімге өзгеріс енгізу оның қолданылу мерзімін ұзартпайды.

Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003.12.24. N 579 , өзгерту енгізілді - 2007.12.27. N 486 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

10. Алдын ала шешім Қазақстан Республикасының кеден органдары үшін міндетті болып табылады.

Егер келісім-шарттың, тасымалдаудың, қозғалыс маршрутының және т.б. шарттары бойынша сол бір тауарды жеткізу әртүрлі уақытта және/немесе әртүрлі кеден органдарының қызмет аймағында партиялармен жүзеге асырылған жағдайда алдын ала шешімді тауардың бірінші партиясын кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органы қабылдайды, бұл ретте, осы келісім-шарт бойынша ұқсас тауардың одан кейінгі партияларын ресімдеу үшін осындай шешім қабылдаған кеден органы ресми растаған алдын ала шешімнің көшірмесін пайдалануға болады.

### **3. Алдын ала шешім қабылдау үшін төлемақы**

11. Алдын ала шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген мөлшерде төлем алынады.

12. Алдын ала шешім қабылдаған үшін төлемақыны мүдделі тұлға енгізеді.

Алдын ала шешім қабылдағаны үшін төлемақының енгізілгенін куәландыратын төлем құжаты өтінішпен бірге кеден органына беріледі.

### **4. Қабылданған алдын ала шешімдердің есебін жүргізу**

13. Кеден органдары қабылдаған алдын ала шешімдердің есебін жүргізу мақсатында белгіленген нысан бойынша (3-қосымша) Кеден органының алдын ала шешімдерінің есебін жүргізу журналын жүргізу қажет. Журнал нөмірленген, бауланған және кеден органының мөрімен және басшының қолымен куәландырылған болуы тиіс. Әрбір қабылданған алдын ала шешімге мынадай түрдегі тіркеу нөмірі беріледі: \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ дағы XXXXX/XXXX , мұнда бірінші блоктағы XXXXX кеден органының коды көрсетілсе, екінші блок XXXX алдын ала шешімінің реттік нөмірі.

### **6. Қорытынды ережелер**

14. Кедендік ресімдеу және кедендік бақылау мақсаттары үшін алдын ала шешімнің түпнұсқасы не осындай шешімді берген кеден органы растаған көшірмесі пайдаланылады.

15. Алдын-ала шешім кеден органына жүк кедендік декларациясымен және кедендік ресімдеу үшін қажетті басқа да құжаттармен бір мезгілде ұсынылады.

16. Тауарлардың жіктемесі, тауардың шығу елін айқындау жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда соңғы шешімді уәкілетті орган шығарады.

**Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2007.12.27. N 486 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігі  
төрағасының  
2003 жылғы 15 мамырдағы  
N 210 бұйрығымен бекітілген  
Алдын ала шешімді қабылдау  
тәртібі мен нысанына

1-қосымша

**Ескерту: 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2007.12.27. N 486 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

\_\_\_\_\_ КБ (кеденнің) бастығы

-----  
(Т.Е.Ә., арнайы атағы)

**Алдын ала шешім қабылдау туралы**

**сұрау салу**

мәлімдеушінің Т.Е.Ә. (жеке тұлға үшін) \_\_\_\_\_  
толық пошталық мекен-жайы (жеке тұлға үшін) \_\_\_\_\_  
толық заңды және пошталық мекен-жайы (заңды тұлға үшін) \_\_\_\_\_  
СТН (заңды және жеке тұлғалар үшін) \_\_\_\_\_  
төлқұжатының N, сериясы, кім және қашан берілді (жеке тұлға үшін) \_\_\_\_\_

Төменде көрсетілген тауарға ((СЭҚ ТН сәйкес жіктелуі бойынша, шыққан елін айқындау бойынша) алдын ала шешім беруді өтінемін.

Тауардың егжей-тегжейлі сипаттамасы және қоса берілген құжаттар.

-----  
-----  
-----  
(Толық коммерциялық атауы, фирмалық атауы, тауардың негізгі сандық және сапалық параметрлерін (белгіленген, стандарты, сорты, маркасы, моделі, артикулі, орамы (жазу, орам оның салмағы мен мөлшері)) айқындайтын негізгі техникалық және коммерциялық сипаттамасы, сынау хаттамасы, ТПП сараптама

немесе басқа сараптама ұйымдарының актілері, сәйкестік, сапасының, шыққан елінің сертификаттары, кеден зертханаларының анықтамалары мен куәліктері, тауардың сынамалары (үлгілері), сыртқы сауда шарты (қолда бар жағдайда), тауарға ілеспе құжаттар (шот-фактуралар, (инвойстар), жапсырма қағаздар) және басқа да құжаттар)

Күні \_\_\_\_\_  
(мәлімдеушінің қолы, мөрі)

Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігі  
төрағасының  
2003 жылғы 15 мамырдағы  
N 210 бұйрығымен бекітілген  
Алдын ала шешімді қабылдау  
тәртібі мен нысанына  
2-қосымша

**Ескерту: 2-қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 24 желтоқсандағы N 579 бұйрығымен .**

### **Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауардың жіктемесі бойынша алдын ала шешім**

- 
- |   |  |   |
|---|--|---|
| 1. Алдын ала шешімді берген кеден органының атауы |  | 2. СЭҚ ТН сәйкес тауардың коды және атауы |
|---|--|---|
- 
- |                  |  |                                    |
|------------------|--|------------------------------------|
| 3. Тіркеу нөмірі |  | 4. Берілген күні (күні, айы, жылы) |
|------------------|--|------------------------------------|
- 
- |                   |  |   |
|-------------------|--|---|
| 5. Тауардың атауы |  | 6. СЭҚ ТН-ге сәйкес тауардың коды (ұсынылған код) |
|-------------------|--|---|
- 
7. Тауар туралы мәліметтер, тауардың сипаттамасы
- 
8. Ұсынылған тауарға ілеспе құжаттар, есептер және т.б.
- 
9. Қызметтік белгілер үшін (кеден органының шешіміне, СЭҚ ТН тиісті түсіндірмесіне сілтеме және т.б.)
-

Орындаушы (орындаушылар)

Т.А.Ә., лауазымы, бөлім (қызмет), басқарма қолы

Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігі  
төрағасының  
2003 жылғы 15 мамырдағы  
N 210 бұйрығымен бекітілген  
Алдын ала шешімді қабылдау  
тәртібі мен нысанына  
3-қосымша

р/б|Алдын |СЭҚ-қа | СТН, |Қабылдан.|Тауар.|СЭҚ ТН |Алдын | Төлем  
| ала |қатысу.|заңды |ған күні | дың |бойынша| ала |құжатының  
|шешім.|шының |мекен-| және |атауы |тауар |шешім | нөмірі  
|нің |атауы |жайы | сұрау | | |коды |үшін |(төлем  
|түрі | | | салуға | | | |төлем. | тапсыр.  
| | | | арналған | | | |нің | масының,  
| | | | жауаптың | | | |сомасы,| кіріс-  
| | | | тіркеу | | | |теңге. | кассалық  
| | | | нөмірі | | | |мен | ордері.  
| | | | | | | | | |нің )

1 2 3 4 5 6 7 8 9

Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігі  
төрағасының  
2003 жылғы 15 мамырдағы  
N 210 бұйрығымен бекітілген  
Алдын ала шешімдер қабылдаудың  
тәртібі мен нысанына 4-қосымша

Ескерту: 4-қосымша алынып тасталды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2007.12.27. N 486 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.